

# І ТУЫ

ІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Жексенбі

жеке саны 20 тыйын.  
Шығуына 33 жыл

## ІСТЫҢ ЛСЫН

да және колхоз-  
IX съезінің мате-  
де насихатталмай  
ағы Ленин атын-  
ұйымы, оның сек-  
с колхозшы ша-  
- бұқаралық жү-  
дан мүлде қол үз-  
дің соңғы кезде  
ермаларында бол-  
зает оқымауы, өңі-  
дан деуіміз керек  
ыз бұл колхоздан  
н кездестіруге бо-

КП XIX съезінің  
талин жолдастың  
сөзін және оның  
экономикалық  
ышпандық еңбе-  
на кеңінен наси-  
амдары үгітшілер  
бұқара арасында  
мен комсомолеттер  
еллигенттер есебі-  
ң тиісті участок-  
ізуіне, дауыстап  
бекшілерді стаха-  
ыруына жетісуі

## Ұлы мереке құрметіндегі еңбек өрлеуі

### ★ Механизаторлар серті

Баян МТС-нің механизаторлары СОБП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын зор қуанышпен қарсы алды. Механизаторлар мұның алдында партияның XIX съезінің қарарларымен және кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қоры тынды мәжлісінде сөйлеген сөзімен жігерленіп, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде күрделі табыстарға жеткен болатын. Партиямыздың Орталық Комитетінің Ұрандарына нақтылы іспен жауап беруді көздеп, механизаторлар жөндеу жұмысын бұрынғыдан да үлгілі ұйымдастыру жөнінде өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды.

Партиямыздың Орталық Комитетінің Ұрандарын оқу үстінде атақты комбайншы, Социалистік Еңбек Ері И. Колмыков жолдас былай деді:

—Партияның XIX съезінің қарарлары мен Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзі біздің еліміздің еңбекшілерін социализммен бірте-бірте коммунизмге өту жолында жанқиярлықпен еңбек етіп, зор табыстарға жетуге жігерлендіреді. Мен быйыл «Сталинец—6» комбайнымен 1000 гектар жердің егінін жый

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, зоотехниктер мен малдәрігерлік қызметкерлер! Қоғамдық мал шаруашылығын мейлінше өркендетіндер! Қысқы жағдайда малдың үлгілі күтілуін қамтамасыз етейік! Етті, сүтті, жүнді және мал шаруашылығының басқа өнімдерін көп берейік!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарынан).

### Мал қыстатуға әзірлік

## Даурықпалы сөз, жалған мәлімет

Қоңуов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (председателі Ишутин жолдас) — мал қыстатуға үлгілі әзірлік жүргізіп жатырмыз, мал қораларын салу, жөндеу негізінен аяқталды, — деп аудан басшыларын сендіріп келді.

Колхоздың мал қыстатуға әзірлігін тек сөре келгенде істің жайы бұдан басқаша болып шықты. Колхоздың мал қыстатуға әзірлігі мүлдем нашар. Еңалдымен, қысқа сақдай сай әзірленді деген мал қораларының көпшілігі әлі салынып біткен жоқ, жөндеуден де өтпеген.

Мұнда жаңадан шошқа тұратын қора салына бастаған еді. Алайда, бұл жұмыс әлі аяқталған жоқ. Қораның іші-сыртының жобаға келтірілмегенін былай қойған да, оның керек десе төбесі де жабылған жоқ. Ал, колхоз басшылары бұл қора салынып бітті деп, аудандық ауылшаруашылық бөлімін сендіріп келді.

Бұрынғы мал қораларын жөндеудің жайы да мақтарлық емес. Көптеген мал қоралары әлі жөндеуден өткен жоқ. Сауын сыйырлар тұратын қораның жөндеу бастағанына едәуір уақыт болды. Бірақ, мұнда мал қораларын қысқа дайындауға күш-мүмкіншілік жеткілікті жұмылдырылмаған. Осының салдарынан сауын сыйырлар тұратын қора әлі күнге дейін жөндеуден өтпей отыр. Малды қыстан шығынсыз шығарудың негізгі шарты — жемшөп қо-

қол жыйнап, маяға салуды ұйымдастыра алмады.

Егіннің сабағы — мал азығының бір қоры. Солай бола тұрса да, мұнда егіннің сабағы мен топанның жыйнау мүлдем кенже қалған. Жүздеген гектар егіндік алаңның сабағы жыйналмай шашылып жатыр. Ол-олма, жыйналған сабан мен топанның өзі маяға салынбай, қыстаулар жанына тасылмай, ысырап болуда.

Сүрленген жемшөп — құнарлы азық. Бірақ, не пайда, колхоз басшылары жемшөп сүрлеуге мүлдем көңіл бөлмеді. Сүрленетін шөп мезгілінде шабылдамай шабындықта қалып қойды. Колхозда бірде-бір центнер мал азығы сүрленген жоқ.

Қысқы маусымда малды уақытылы бағып, күтуге және жемшөп қорын үнеммен жұмсауда дайындалған мал азырын жер қарада қыстаулар жанына тасып алудың зор маңызы бар. Мұнда жемшөпті мал қоралары жанына тасу ойсыраған олқылықта. Бұл жұмысқа күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінбеген. Рас, шөп тасуда 10 арба жұмыс істеп жүр. Бірақ, шөп тасушылар арасында еңбек өнімділігі төмен. Сондықтан олар шөп тасуда күндік норманы үнемі орындай алмай келеді. Мұның өзі мал қоралары жанына шөп тасу жұмыстарының колхоз бойынша бауу - жүргізілуіне әкеліп соғуда.

Колхозда мал қоралары жанына шөп та

тарлықтап табыстармен қарсы алғалы отыр. Быйыл колхозда бітік егін өсірілді, одан мол өнім жыйналды. Мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын аяқталды. Қсғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары барлық түліктер бойынша орындалды.

Дегенмен, бірсыпыра партия ұйымдары әлі де болса еңбекшілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысқа жете көңіл бөлмей келеді. Осының салдарынан кейбір кәсіп-

тың тәжірибелері кеңінен талқылануы керек. Алайда, мұнымен де іс бітпейді. Қалалық, аудандық партия комитеттерінің басшы кадрлары кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда жиі болып, олардағы партия ұйымдарының секретарьлары мен үгітшілерге саяси-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөнінде үнемі кеңес беріп отырулары керек.

Барлық жерде үгіт-бұқаралық жұмыстың өрісі кең, дәрежесі жоғары болсын.

## Ленинград Октябрь мерекесі алдында

ЛЕНИНГРАД, 31 октябрь. (СОТА). Совет Ударты Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандары ленинградтықтардың арасында зор творчестволық еңбек өрлеуін тудырды. Ленинградтықтар барлық жерде де — цехтарда, лабораториялар мен ғылыми зерттеу институттарының, жоғары дәрежелі оқу орындарының эксперименталдық мастерскойларында — қызу қолдауда. Ленинградтың мыңдаған үгітшілері партияның Ұрандарын еңбекшілерге жеткізді.

Карл Маркс атындағы заводтың стахановшысы И. Колодкин қажырлылықпен еңбек етуде. Ол төрт жылдық норманы аяқтап, 1956 жылдың есебіне алғашқы өнімді бере бастады. Октябрь мерекесі алдындағы жарыс күндерінде Колодкин жолдас алты айлық өндірістік тапсырмасын орындады. Таңдаулы стахановшыдай жүздеген жұмысшылар үлгі алуға. Осы кәсіпорындарының коллективі тоқыма өнеркәсібі үшін автоматтар мен жоғары өнімді жаңа машиналарды жасап шығару ісін ойдағыдай жүргізуде.

«Красный треугольник» заводында 30-

дан астам комплексті бригадалар творчестволықпен жұмыс істеуде. Бұл бригадаларға стахановшылар, инженерлер, конструкторлар, оқымыстылар кірген. Олар еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру үшін ондаған жабдықтар жасап, технологиялық процестерді жетілдіре түсті. Кәзір жаңалық тапқыштар резинка аяқкімін жасауға керекті жаңа автоматтық жабдықтарды іске қосып, еңбек өнімділігін едәуір арттырды.

Октябрь мерекесіне арнаған Ұрандар Ленинград оқымыстыларын творчестволық жаңа табыстарға жұмылдыруда.

М. И. Калинин атындағы Политехникалық институттың кафедралары заводтар мен мекемелердің 56 техникалық советтеріне қатысып жұмыс істейді. Кәзір институттың оқымыстылары «Красный выборжец» зауытының өндірісшілерімен, Киров заводы және басқа кәсіпорындарының өндірісшілерімен бірлесе отырып, мұнан былай да болат қайнатудың процестерін шапшаңдату, технологиялық процестерді автоматтандыру жұмыстары жөніндегі ғылыми-практикалық жұмысқа кірісті.


## Село волейболшыларының бүкілодақтық жарысы

СИМФЕРОПОЛЬ, (СОТА). Симферопольда село жастары арасында елімізде волейболдан бірінші орын алу жарысы аяқталды.

Волейбол село физкультурашыларының сүйікті ойынына айналды. Бірінші орын алу жарысына одақтас республи-

калардың 12 еркектер және 7 әйелдер командасы қатысты.

Бірінші орынды және еліміздің чемпионы атағы Эстон ССР-нің әйелдер командасы мен Латыш ССР-нің еркектер командасы ұтып алды.



Ақмола барған сайын көркейтілуде. Мұнда теміржолшылар үшін мәдениет үйі салынып жатыр. Оның екі зрительдер залы, спорт залы, кітапханасы, оқу бөлмесі бар.

СУРЕТТЕ: Ақмоладағы теміржолшылардың мәдениет үйінің құрылысы.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## ӨСКЕМЕН СЭС-І ҚҰРЫЛЫСЫНДА

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-інің құрылысшылары Ұлы Октябрінің 35 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысуда. Партияның XIX съезінің қарарлары мен Сталин жолдастың тарихи сөзі құрылысшыларға жаңа қуат беріп, алға, жаңа табыстарға шақыруда. Құрылыста әрбір участкаға арналып және бүкіл кәсіпорынға арналып жұмыстардың шапшаңдатылған жаңа графигі енгізілді. Қосымша қорлар жұмысқа қосылды.

## Каспий маңайын суланд

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Партияның XIX съезі директиваларының жобасы Орта Азия мен Қазақстанда шөбі мол шабындықтар мен жайылымдықтар жасау үшін артезиан құдықтарын пайдалануды көздейді. Гурьев облысындағы Жылай және Маңғыстау аудандарының көптеген жерлері Каспий ойпатындағы ең сусыз аудандар болып табылады. Бұл аудандардың колхоздарында мал шаруашылығы жақсы өркендеген. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орал Ембі ғылыми-зерттеу базасының коллективі көп жылдар бойына жұмыс жүргізудің нәтижесінде жер астындағы суды ауыл шаруашылығының мүддесіне пайдалану проблемасын шешті. ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде базаның су қорлары секторының менеджерінің геология-минерология ғылымдарының кандидаты В. Колпаков былай деді: —Қазақ ССР Ғылым академиясының Орал Ембі ғылыми-зерттеу базасы Еділ-

Жайық каналынан тыс жататын орасан кең байтақтан шығатын тұлымен суарудың да мол көздерін.

Жер асты сулануды қаншалық ұшқан жайлы ауданының нен көруге болады, скважинасының аса жер суарылмадан, жүгеріден, қылдарынан мол.

Колхоздардың мен жабдықтау зор маңызы бар. дағы жалғыз маңғыстау ауданында артельдердің 2 мен қамтамасыз.

## Делегатпен кездес

ЖАЛАҢАШ, (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Беген ауданының өнеркәсіп орындарында, колхоздары мен МТС-терінде Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезінің делегаты — аудандық партия комитетінің секретары Сағидулла Жұбанқызовпен кездесу өткізілуде.

«Облатком» ауылшаруашылық артелинде көп адам қатысқан жыйналыс болды. Жыйналыста колхозшылар алдында сөз сөйлеген Жұбанқызов жолдас тарихи съездің жұмысы туралы, бесінші бесжылдықта ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына съезд қойған міндеттер туралы айтты.

Жыйналыста агроном Бимұрзаев сөз сөйледі.

— XIX съездің қарарлары мен сүйікті көсеміміздің сөзіне жауап ретінде біз-

дер, ауыл шаруарі егіншілік мәдеОтанымызға асты береміз.

—Колхоз малрективаларында ырышпа көбейту к сезімімен қарсы Бошнев. —Соңғыдық мал санын ү Біз мал қыстату үшін және келесі бейтуге берік негі күш- жігерімізді.

XIX съездің жолдаспен кездесу комбинатының көетті.

## Обиелеу

итеттерінде, қазақ балалық училищесінде тұтында қазақ биелеу жөнінде іш кейін облысында қазақ қыз-әуір жақсартылған жұмысы тек-ары арасындағы рекше назар аубайқалды.

да қазақ жеті-ептерінде оқу-оспары бойынша тәрбие жұмыста. Мектептің пеперінің күшімен аналар үшін бар тақырыптар-рады.

күн көңіл бө-қазақ қыздары-айда жақсарды. да арнаулы орта-дары оқып жүр. настарда оқушы-ы да әлде қайда

ік партия коми-әрбиелеу жөнін-ілгенмен, ол-әлі күнге бір-коқ және бюр-реодалдық- бай-өбірек байқалып-в. Совет аудан-уге тиіс.

омол ұйымдары тәрбиелеу жө-дың орындалуы-күшейтулері қа-



Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы жарысқа ұштаса отырып, шойын кую заводның слесарі А. Зонов балалар шаңасын жасауда сменалық нормасын екі жарым есе орындауға міндеттенген еді. Стахановшы міндеттемесін ойдағыдай орындауда.

СУРЕТТЕ: А. Зонов жолдастың балалар шаңасын әзірлеп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Оқушылар үйірмелері

Преснов ауданындағы Баян орта мектебінде биология, орыс әдебиеті, физика, тарих, химия, география, шахмат және қолөнер үйірмелері үздіксіз жұмыс істеуде. Бұл үйірмелердің жұмысы оқытушылардың басқаруымен жоспар бойынша жүргізіледі.

Үйірме сабақтарында оқытушылар түрлі тақырыптарда баяндамалар жасап отырады. Жуырда биология үйірмесінің бір сабағында оқытушы Жолмұқанов жолдас ғалым Локучаев туралы баяндама жасалы.

## Халықаралық шолу

## ЕКІ ДҮНИЕ—ЕКІ САЯСАТ

Нью-Йоркте 14 октябрьде Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жетінші сессиясы ашылды. Жұртқа мәлім, бұл ұйымның Уставы бұдан 7 жыл бұрын, 1945 жылғы 23 октябрьде күшіне кіріп, ал 1947 жылы бұл күн Біріккен Ұлттардың күні болып жарияланған болатын.

Совет Одағы осы халықаралық ұйымның өзінің басты міндетін — халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін орындауы үшін үздіксіз, дәйектілікпен күресін келді және күресуде. Алай да АҚШ өзіне тәуелді бірсыпыра мемлекеттердің қолдауымен, Біріккен Ұлттар Ұйымын тең праволы ұлттардың бүкіл дүниежүзілік ұйымынан, бейбітшілік құралынан американдық агрессорларының нәпсісіне қызмет ететін ұйымға айналдыру бағытын ұстап отыр. Солай бола тұрса да, БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы партияның XIX съезіне есепті баяндамасында Г. М. Маленков жолдастың атап көрсеткеніндей, «ССРО үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен маңыз береді, өйткені, бұл ұйым бейбітшілікті сақтаудың маңызды құралы бола алар еді деп есептейді».

Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарын жүзеге асыруға АҚШ кедергі жасады, ол бұл ұйымды өзінің бейбітшілікке қарсы күрестегі өктемдік саясатының органына айналдырып, өзінің агрессиялық әрекеттерін бүркеу қажетіне пайдаланып отыр. «Алайда, — деді Г. М. Маленков жолдас. — Біріккен Ұлттар Ұйымында АҚШ-тың жасаған дауыс беру машинасының орасал зор қиыншылықтар туғызуына қарамастан, Совет Одағы мұнда бейбітшілік позициясын қорғап келеді, кезіргі халықаралық жағдайдан туатын және агрессияшыл күштерді ауыздықтауды, жаңа соғысқа жол бермеуді, соғыс қыймылдары кезіргі өзінде басталған жерлерде ол қыймылдарды тоқтатуды көздейтін нақтылы ұсыныстардың қабылдануына күш салып келеді».

ке алатын болсақ, бұл сөздердің екі жүзділігі өзінен өзі айқын.

ССРО делегациясы осы уақытқа дейін шешілмеген маңызды халықаралық мәселелерді бейбітшілікпен шешуге, дүниежүзілік жаңа соғыстың хауіпін жоюға, бейбітшілікті сақтап, халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға бағытталған шаралардың өзі ұсынған айқын программасын АҚШ-тың осы агрессиялық жоспарларына қарама-қарсы қойды. ССРО делегациясының басшысы А. Я. Вышинский жолдастың сөзінде жаңа соғысқа апарып соқтыратын кезіргі халықаралық шиеленістің себептер даусыз фактілер мен айғақтарға сүйене отырып, мейлінше толық талдап көрсетілді. Құрама Штаттардың бейбітшілік пен халықаралық ынтымаққа қарсы мүлде жауыздық саясаты әшкереленді. ССРО делегациясы Кореядағы соғысты тоқтату, атом қуатын соғыс мақсаттарына пайдалануға іс жүзінде мүмкіндік бермеу, жаппай қырғынға ұшырататын басқа да құралдардың қолданылуына тыйым салу және әдетті қару-жаракты азайту жолын көрсетіп берді. ССРО делегациясы Бейбітшілік Шарты жасасу туралы және жаңа соғыс хауіпін жою туралы Польша делегациясының ұсынысын өзінің барынша қолдайтынын мәлім делі.

АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИСТЕРІ  
КОРЕЯДАҒЫ СОҒЫСТЫ ҰЗАҚҚА  
СОЗУДА

Жақында американдық журналисі Чайлдс «Вашингтон пост» газетінде мақала жариялап, ойда «бүкіл корейлік қасірет барған сайын саясатпен шырмалуда» деп жазды. Чайлдс былай деп мойындады: осы «жексурын соғыс» АҚШ-та күшті ашу-ыза тудыруда және конгрестің көптеген мүшелерінің өздері де «соғысты тоқтату қажеттігін барлық бұрышта мәлімдеп, бұл соғыстың қайғылы зардаптары үшін үкметті айыптауда». Кореядағы масқара және аламгершілікке жатпайтын американдық ш

дәлелдейтін американдық кәсіпкер топтарының, финансистерінің, саясатшыларының, генералдарының және АҚШ президенті Трумэннің арысдықпен ашықтан-ашық жасаған бірсыпыра мәлімдемелерін келтірді. АҚШ-тың билеуші топтары өздерінің агрессорлар екенін және Кореядағы соғысты тоқтатуға қарсы екенін бүкіл дүние жүзі алдында тағыда көрсетті.

ССРО делегациясы басшысының Бас Ассамблеяның 7-ші сессиясында сөйлеген сөзінде корей мәселесін жедел және бейбітшілікпен шешу жолы тағыда көрсетілді. Бұл жолға ССРО делегациясы қызу қолдаған Польша делегациясының ұсынысын жүзеге асыру арқылы жетуге болады. Бұл ұсыныстар мүлде айқын және түсінікті: Кореядағы соғыс қыймылдары тезінен тоқтатылсын, халықаралық нормаларға сәйкес барлық соғыс тұтқындары туған еліне қайтарылсын, барлық шетел әскерлері, соның ішінде Қытайдың ерікті әскер-бөлімдері 2—3 айдың ішінде Кореядан әкетілсін және корей мәселесі біріккен Корея рухында бейбітшілікпен шешілсін, делінген бұл ұсыныста.

АҚШ делегациясы корей мәселесін талқылауды ұзаққа созуға мейлінше әрекет жасауда, бірақ ол осы айқын және әділ ұсыныстарға жауап бермей кете алмайды.

## КӨҢІЛ АУДАРАРЛЫҚ ФАКТІ

«Батыс Германияның кәсіподақтары бірлестігінің» жақында аяқталған съезінде Бонн сепараттық договорын, сонымен қатар «европалық армия» дейтінді құру туралы Париж договорын бекіту жайындағы мәселенің бундестагта талқыланғалы отырғанына байланысты Батыс Германиядағы ой-пікірлердің ерекше сыпатын көрсететін оқыйға болды.

Осы кәсіподақ бірлестігінің сатылғыш басшылары, әсіресе оның председатели Фетте Аденауэр топтарының саясатын қатты жақтаушылар деген жексурын атаққа ие

бетінде ата-аналар комитетінің істеген жұмысының нәтижесі, мектептің семьямен байланысы жөніндегі мақалалар жарияланады.

Мұнда жастарға аржақты білім беріп, дүниеге көзқарасын кеңейтуге зор назар аударылған. Оқушылардың саяси білім дәрежесін көтеріп отыру мақсатында

Мұнда кітаптар, газет, журналдар жеткілікті.

Оқу үйі жанынан шахмат, дойбы үйірмелері ұйымдастырылып, ол үйірмелердің жұмысы ойдағыдай жүргізіліп отырылады. Сонымен бірге, оқу үйінде халықаралық жағдай туралы демалыс сайын лекциялар оқылып тұрады.

Қ. ТЕМІРБОЛАТОВ.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

се бактериологиялық қарудың көмегімен агрессия жасамайды» деп сендірді, бірақ АҚШ-тың Корея мен Қытайға қарсы адамгершілікке жатпайтын, тағылық, бактериологиялық соғысты ашықтан-ашық жүргізіп отырғанын, американ үкметінің бактериологиялық қаруды қолдануға тыйым салу туралы 1925 жылғы Женева протоколын бекітуден ашықтан-ашық бастартқанын ес

келісімге жетуді туғаны, бұл үсі сәйкес келетіндігізгілген америк қағидаларын есімен Пын Дэ-х айқын көрсетілтігінің хабар есиялық америк шысы генерал келіссөздерді тартатынын ай АҚШ-тың бірді на қарсы өздерессияны жүргі нын бүкіл дүні көрсетті.

Біріккен Ұлт сының 7-ші сө Вышинский жө тарының Коре ны өздерінің тарын жеңілде қарап, оны қ

ПХЕНЬЯН, Халық-Демок лық армиясын октябрь күні Корея Халы лық еріктілер ағылшын инт шыл әскерлер рын жүргізуд Бүгін амери

«УДАРНИК» «ИСКУС

Сеанстар с Сеанс саға Касса саға

## ЯКУБ КОЛАС

Туғанына 70 жыл толуына

Туысқан Белоруссияның халық ақыны Якуб Колас совет әдебиетіндегі аса ірі кәлам қайраткерлерінің бірі. Оның творчес твасы белорус әдебиетіндегі жаңа қадам болып табылады. Ол—кәзіргі белорус әде биетінің негізін салушылардың бірі. Колас белорус әдебиетіне жаңашыл ақын белын келді, әдеби творчествоны қоғамдық-саяси өмірге жақындата түсті, әдебиетке жаңа мазмұн, жаңа идея, жаңа тақырып, жаңа образдар ала келді.

Якуб Колас правосыз, қаналудағы адам ның тағдыры қандай екенін өз тәжірибе-сінде анық көріп, сезінді. Оның өткен өмір жолы бүтіндей туған халқының өмірімен және революциялық күресімен ұштасып жатады. Якуб Колас алғашқы ретте-ақ әдебиетте орыстың бірінші революциясы оятқан халық бұқарасының мүддесін көр сетуші болды.

Коластың әдеби қаблетінің көрінуіне, сонымен қабат, қалыптасып өсуіне орыс классиктерінің шығармаларын оқу өте-мөте зор әсерін тигізді. Ол бастауын мектепте оқып жүргенде-ақ Крыловтың мысалдарын зейінен оқыды, оның мысал-дар жыйнағын түгел жатқа білетін, оған еліктеп өлең, мысалдар жазды. Якуб Колас әдебиет майданына бірінші орыс револю-циясының дауылы кезінде, 1906 жылы келіп қосылды. «Наша доля» деген бело-рус газетінде «Туған өлкем» деген өлеңін

бастырды. 1910 жылы Вильнода ақын-ның алғашқы өлеңдер жыйнағы— «Қасірет жырлары» басылып шықты.

Оның ақындық творчествосы орыстың классикалық әдебиетінің дәстүрлерін қан-шалықты сіңіргені Коластың мына сөзі-нен-ақ айқын аңғарылады: Егер «Онегин-мен», «Еркіндік» одасымен, «Сібірге хаты мен», «Капитан қызымен» және ертегіле-рімен Пушкин болмаған болса, мүмкін менің «Жаңа дала» және «Балықшы үйі» поэмаларым да, менің лирикам мен прозам да болмас еді, дейді ақын. Некрасов пен Шевченконың поэмасы да Якуб Коласқа өте зор әсер етті. Алайда, ақынның әде-биет талантының өсуіне Максим Горький-дің айырықша әсер еткенін атап көрсет-пеуге болмайды. Горький Коластың ұста-зы, досы болды. сондықтан да ақын: «Максим Горькийдің есімі менің әдеби туым болды» дейді.

Ақын өз творчествосының тақырыбы етін революцияға дейінгі езілген ха-лықтың тұрмысын, оның оянып келе жатқан сана-сезімін көрсетулі алады, тарихи дамудың негізгі күші халық деп біледі. Ол белорус деревнясындағы ауыр тұрмысты ашып көрсетті. Бірақ, шындық-ты көрсетіп қана қойған жоқ, сол кездегі халықтың ауыр тұрмысының себептерін де аңғуға тырысты.

Белорус халқына жаңа өмір, бақыт әпер

ген Ұлы Октябрь революциясынан кейін Якуб Коластың творчествосы жаңадан өр-леп өсті. Революциядан кейін ақын өзі-нің ең таңдаулы еңбектерін жазды: «Жа-ңа дала» (1923) және «Симон-музыкант» (1925), «Балықшы үйі» поэмаларын та-ғы басқа шығармаларын жариялады. Осы кезеңде белгілі өлеңдер жыйнақтары: «Біздің күндер» (1937 жылы), «Отанға, «Көсемге» (1941), «Кек аламыз» (1942), «Менің үйім» (1946) басылып шықты.

«Жаңа дала» және «Симон-музыкант» поэмалары белорус әдебиетінің аса көрке-ті шығармалары болып саналады. Бұл еке-уін ақын революцияға дейін жаза баста-ған болатын, сондықтан олар Коластың творчествосындағы екі кезеңді ұштастыра-тын буын сыяқты орын алады. «Жаңа дала» поэмасында ақын XIX ғасырдың аяқ шеніндегі белорус шаруасының тұр-мысын көрсетеді. Поэмадың бас кейіскері: кедей шаруа Михаил. Михаил құлдық тұр-мыстан құтылу жолы өзіне жер алуда деп біледі. Бірақ, арманына жетпейді. Поэма-ның құндылығы сол—онда белорус дерев-нясындағы шаруалардың жерінен айыры-лу процесі өте-мөте шебер, нанымды баян-далады, халықтың мүддесі жырланады.

20-шы, 30-шы жылдарда социалистік реализм әдісін меңгерген ақын «Полесье түпкірінде», трилогиясының алғашқы екі кітабын, «Трясин» повестін, тағы басқа бірнеше ірі шығармаларын жазды. Бұл жылдарда Коластың творчествосы жаңа-дан өрледі.

Отан соғысы басталғанда Якуб Колас Советтік Белоруссия туралы «Бостандық

жолында» деген үлкен поэмасын жазып жатқан еді. Минск уақыт-ша жау қолына түскенде ақынның үйі, кітапханасы, онымен бірге, бітпеген поэманың қол жазбасы да өртеніп кеткен. Соғыс жылдарында ақынның негізгі тақы-рыбы—советтік патриотизм идеясы бол-ған бірнеше өлеңдер жыйнағы, «Кек» жә-не «Ормандағы сот» поэмалары баспадан шықты. Ақын өзінің бұл шығармаларында совет адамдарын Отан үшін, жауды тал-қандау үшін жаңқыярлықпен күресуге ша-қырды. Оларды ерлік істерге жігерлендір-ді.

Көрнекті ақын совет еліндегі барлық маңызды оқиғаларға үн қосып отырады. Ол өз шығармаларында совет халқының мызғымас берік достығын жырлайды. Оның творчествосында социалистік Отан-ның бейнесі ұлы Сталиннің образымен ұштасып жатады.

Әдеби еңбекпен қатар, ақын Белорус ССР Ғылым академиясының вице-президен-ті болып істеп, аса үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізеді. Ол ССРО Жоғар-ғы Советінің және Белорус ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Колас бейбітшілік жолында аянбай кү-ресуші қайраткер. Ол әдеби творчествосы-ның басынан бастап құлдық пен езуші-лікке қарсы күресіп келеді.

Совет халқы аса көрнекті ақынды жақ-сы көреді, құрметтейді. Якуб Колас-тың туғанына 70 жыл толуын белорус халқы ғана емес, сонымен бірге, туысқан совет семьясындағы басқа халықтар да атап өтеді. Н. СӘРСЕНОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілм